



Жас философтар сайысқа түсті

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде философия мамандығы бойынша студенттердің республикалық пәндік олимпиадасы өтті. Пәндік олимпиада аясында студенттер өз білімдерін көрсетуге, философиялық ұғымдардың мағынасын ашуға мүмкіндік алды. Қатысушылар сонымен бірге өз тәжірибелерін байытып, шығармашылық тапсырмаларды орындап, идеяларымен бөлісті.

Олимпиадаға еліміздегі философ мамандар даярлайтын университеттердің барлығынан командалар келді. Атап айтсақ, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінен құралған 10-ға жуық команда өзара сайысқа түсті.

Оларға Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты Әбдіжаппар Тұрашбеков, философия ғылымдарының докторы, профессор, Шымкент саз колледжінің директоры Сералы Тілеубаев, Дін мәселелерін зерттеу орталығының бөлім басшысы Гүлмира Шетенова, философия ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің философия кафедрасының меңгерушісі Мейірхан Спанов, осы университеттің Ақпараттық білім беру орталығының директоры Индира Сәуірбаева қазылық етті.

Сарапшылар олимпиадаға қатысушылардың жұмыстарын, олардың білімі мен шығармашылық әлеуетін бағалады.

Қазылар алқасының шешімімен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Сансара» командасы бірінші орынды жеңіп алды. Ал, екінші орын Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Үңгір» командасына және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Арман қала» командасына бұйырды.

Жұлдепі үшінші орындарды Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің «Ясауи», Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Үкі», М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Лорос» командалары иеленді. Пәндік олимпиада аясында «Үздік бейнеролик» және «Үздік кітап инсталляциялары» аталымдары бойынша да жеңімпаздар анықталды.

«Үздік бейнеролик» номинациясына «Авангард» (әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) және «Бригантин» командалары (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті) ие болса, «Үздік кітап инсталляциялары» аталымына «Жерұйық» (Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті) пен «Жете» (М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті) командалары лайық деп танылды.

Мейірхан СПАНОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың
философия кафедрасының меңгерушісі.
Дана ҚАПАРОВА,
магистр оқытушы.